

ЖОҒАЛҒАН ЖҰЛДЫЗДЫҢ БЫРЫ



Аспанның бір бұрышында орналасқан шағын ауылда, бір түнде жарқыраған жұлдыз жоғалып кетеді.

Бүкіл ауылдың тұрғындары таң қалады, өйткені бұл жұлдыз ауылды әрқашан жарықтандырып тұратын.

Ертегінің басты кейіпкері — кішкентай, батыл қыз Айнара. Ол жұлдызды қайтару үшін сиқырлы орманға саяхат жасайды.

Айнара сиқырлы орманның таңғажайып тұрғындарымен кездесіп, әртүрлі тапсырмаларды орындап, ақырында жұлдызды қайтарудың сырын ашады.

Ертегіні оқып болған соң, сен де шытырман оқиғалар әлеміне дайын боласың және өзінді үлкен батырдай сезінесің!

"Жоғалған Жұлдыздың Сыры" — бұл сенің қиялыңды кеңейтіп, бойыңа батылдық сыйлайтын ерекше ертегі.

A young girl with blonde hair, wearing a light blue sleeveless dress and yellow shoes, stands on a stone path in a garden at night. She is looking up towards a large, bright, starburst-shaped light source in the sky. The garden is filled with green foliage and a stone archway is visible behind her. The scene is illuminated by the starburst light and some garden lights.

Баяғы өткен заманда, аспанның
бір бұрышында орналасқан шағын
ауыл бар еді.

Бұл ауылдың бір ерекшелігі —
аспанда әрқашан жарқырап
тұратын ерекше бір жұлдыз
болды.

Кеш түскен сайын сол жұлдыз ауылды өзінің нәзік
жарығымен жарықтандырып тұратын.

Ауылдың барлық тұрғындары оны ерекше жақсы
көретін, ал балалар оған арнап әндер айтатын.

Бұл жұлдыз ауылдың қорғаншысы іспеттес еді.



Бір түнде, аспан толығымен қараңғыланып, жұлдыз ғайып болды.

Ауыл тұрғындары таңырқап, аспанға қарап, өздерінің сүйікті жұлдызының жоқ екенін көріп, ұайымға батты.




Ауылда Айнара деген кішкентай, бірақ өте батыл қыз тұратын. Ол жұлдыздың жоғалуының себебін түсінбесе де, оны қайтару үшін бір нәрсе істеу керек екенін білді.

Айнара ата-анасына келіп: Мен жұлдызды қайтару үшін саяхатқа шығамын. Жұлдызсыз ауылымыз қараңғылыққа оранды, мен оны табамын!,- деді.

Ата-анасы бастапқыда оның бұл ойына қарсылық танытты, бірақ Айнараның көзіндегі батылдықты көріп, оны жіберуге мәжбүр болды.

Оған ақ жол тілеп, жолға қажетті заттарын дайындап берді.



СИҚЫРЛЫ ОРМАНЫҢ ҚҰПИЯЛАРЫ

Айнара жолға шығып, ауылдың шетіне жақын орналасқан сиқырлы орманға келді.

Бұл орман жай орман емес еді - онда таңғажайып тіршілік иелері мен сиқырлы құбылыстар бар болатын.

Алайда, орман қараңғы әрі қорқынышты көрінді, өйткені жұлдыздың жарығы бұл жерден де жоғалып кеткен.



Орманға кіре бергенде, Айнараға алдынан сөйлейтін емен ағашы шықты.

- Қызым, сен не іздеп келдің? - деп сұрады ағаш терең дауыспен.

- Жоғалған жұлдызды іздеп келдім, оны тауып, ауылымызды қайтадан жарыққа бөлеуім керек! - деді Айнара.

Ағаш бір сәт ойланып тұрды да:

- Егер сен шынымен жұлдызды тапқың келсе, сенің алдында үш сынақ бар. Оларды орындасаң ғана жұлдыздың қайда кеткенін білесің, - деді.

Айнара келісіп, сынақтарға дайын болды.



БІРІНШІ СЫНАҚ: АҚЫЛДЫ ҚАРЛЫҒАШ

Айнара орманның тереңіне ене бергенде, алдынан кішкентай қарлығаш шықты.

Қарлығаштың қанаты жарақаттанған еді, ол ұша алмай отырды.

- Қарлығаш, саған қалай көмектессем болады?,- деп сұрады Айнара.

- Менің қанатымды емдеп берсең, саған қажетті бағытты көрсетемін, - деді қарлығаш.

Айнара дереу өзімен бірге ала шыққан дәрі-дәрмек қобдишасынан емдік шөптер тауып, қарлығаштың қанатын байлап берді.

Қарлығаш қуанып, оған орманның ішіндегі үлкен өзенге бару керек екенін айтты.

ЕКІНШІ БЫНАҚ: ТЫЛСЫМ КӨПІР



Айнара қарлығаштың айтқанымен өзенге жетті. Бірақ өзеннен өту оңай болмай шықты: оның үстіндегі көпір сиқырлы еді.

Ол тек дұрыс жауапты тапқан кезде ғана жол ашады екен. Көпірдің жанына келгенде, алдында жұмбақ жазылған тас пайда болды:

"Су емес, от емес, жел емес, бірақ барлық жерде бар. Ол не?"

Айнара ойланды. Су, от, жел сияқты табиғи элементтерді білсе де, бұл жұмбақ басқаша еді.

Бір сәт ойланып тұрды да:


- Бұл «уақыт»! Уақыт барлық жерде бар, бірақ оны көре алмайсың, - деп жауап берді.

Көпір ашылып, Айнара өзеннен аман-есен өтті.

ҮШІНШІ БЫНАҚ: АЙДАҺАРМЕН КЕЗДЕСУ


Өзеннің арғы бетінде оны үлкен үңгір күтіп тұрды.

Үңгірдің ішінде қараңғыда жарқырап тұрған бір нәрсе көрінді.



Бұл жоғалған жұлдыз еді, бірақ оны үлкен айдаһар күзетіп тұрды.

Айнара қорықпастан үңгірге кірді.



- Айдаһар, сен жұлдызды неге ұрлап алдың? - Дем сұрады ол батыл дауыспен.

Айдаһар қатты дауыспен күліп:

- Мен бұл жұлдызды жарығы үшін алдым.

Оның жарығы мені жылытады, ал мен осында мәңгі қалғым келеді, - деді.



- Бірақ бұл жұлдыз ауылымыздың жарығы, ол ауылды қараңғылықтан сақтайды.

Оны қайтармасаң, ауыл мәңгі қараңғылыққа оранады, - деп жауап берді Айнара.

Айдаһар сәл ойланды да:

- Сен өте батыл қыз екенсің.

Егер сен маған мені жалғыздықтан құтқаратын бір дос тапсаң, мен жұлдызды қайтарып беремін, - деді.



Айнара бірден қарлығашты есіне алды.

Ол сыртқа шығып, қарлығашты шақырды.

- Қарлығаш, сен бұл айдаһардың досы болуға келісесің бе?

Сен айдаһардан еш зиян көрмейсің, тек дос тапқысы келеді, - деп, сөзін аяқтады Айнара.

Қарлығаш біраз ойланып, келісімін берді.

Айдаһар жұлдызды Айнараға қайтарып берді,
ал қарлығаш пен айдаһар дос болып, үңгірде бірге өмір сүре бастады.



ЖҰЛДЫЗДЫҢ ОРАЛУЫ



Айнара ауылға жұлдызды алып қайтты.

Түнде аспанда қайтадан жарқыраған жұлдыз ауылды
өзінің нәзік жарығымен жарықтандырды.

Ауыл тұрғындары Айнараны батыр деп атап, оны
мақтан тұтты.

Айнараның батылдығы мен мейірімділігі арқасында
жұлдыз қайта оралып, ауыл қайтадан жарыққа бөленді.



Содан бері жұлдыз әр түнде аспанда жарқырап тұратын болды, ал
ауылдағылар Айнараның батырлығын ешқашан ұмытпады.